

Коммерциялық емес ұйымдар туралы
Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 қантардағы N 142 Заны.
Қолданушылар назарына!
Қолданушыларға ыңғайлы болуы үшін РҚАО мазмұнды жасады.

1-тaraу. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Осы Заңмен реттелетін мәселелер

Осы Заңмен реттелетін мәселелер коммерциялық емес ұйымдардың құрылуына, қызметіне, қайта ұйымдастырылуына және таратылуына байланысты туындайтын қатынастар болып табылады.

Саяси партиялардың, кәсіптік одактардың құқықтық жағдайларының, құрылуының, қызметінің, қайта ұйымдастырылуының және таратылуының ерекшеліктері арнайы заңдармен регламенттеледі.

2-бап. Коммерциялық емес ұйым ұғымы

Кіріс түсіру негізгі мақсаты болып табылмайтын және алынған таза кірісті қатысуышылар арасында бөлмейтін заңды тұлға коммерциялық емес ұйым деп танылады.

3-бап. Коммерциялық емес ұйымдар туралы заңдар

1. Қазақстан Республикасының коммерциялық емес ұйымдар туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституациясына негізделеді және Азаматтық кодекстең, осы Заңдан және басқа да заң актілерінен тұрады.

2. Осы Заңның күші Қазақстан Республикасының аумағында құрылған және әрекет ететін шетелдік және халықаралық коммерциялық емес ұйымдардың филиалдары мен өкілдіктерінің (оқшауланған бөлімшелерінің) кез-келген ұйымдық-құқықтық нысандағы коммерциялық емес ұйымының қызметіне қолданылады.

3. Жекелеген коммерциялық емес ұйымдардың құрылуына, қызметіне, қайта ұйымдастырылуына және таратылуына байланысты ерекшеліктер осы Заңмен және өзге де заң актілерімен реттеледі.

4-бап. Коммерциялық емес ұйымдар қызметінің мақсаттары

Коммерциялық емес ұйымдар әлеуметтік, мәдени, ғылыми, білім беру, қайырымдылық, басқару мақсаттарына қол жеткізу; азаматтардың және ұйымдардың құқықтарын, заңды мүдделерін қорғау; даулар мен жанжалдарды шешу; азаматтардың рухани және өзге қажеттіліктерін қанағаттандыру; азаматтардың денсаулығын сақтау, қоршаған ортаны қорғау, дене шынықтыру мен спортты дамыту заң көмегін көрсету үшін, сондай-ақ қоғамдық игіліктерді және өз мүшелерінің (қатысуышылардың) игіліктерін қамтамасыз етуге бағытталған басқа да мақсаттарда құрылуы мүмкін.

Коммерциялық емес ұйымдар қызметінің мақсаттары құрылтай құжаттармен айқындалады.

5-бап. Коммерциялық емес ұйымдардың құқықтары мен міндеттері

- 1) Жарғылық мақсаттарды жүзеге асыру үшін коммерциялық емес ұйымдардың:
- 1) заңдарда белгіленген тәртіппен банктерде шottар ашуға;
- 2) мемлекеттік және орыс тілдерінде ұйымның толық атауы бар мөрі, мөртабаны және бланкілері, сондай-ақ белгіленген тәртіппен тіркелген эмблемасы (нышаны) болуына;
- 3) меншігінде немесе оралымды басқаруында оқшауланған мүлкі, сондай-ақ дербес балансы немесе сметасы болуға;
- 4) мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды иемденіп алуға және жүзеге асыруға;
- 5) егер заң актілерінде өзгеше көзделмесе, басқа заңды тұлғалар құруға;
- 6) филиалдар мен өкілдіктер ашуға;
- 7) қауымдастықтар мен одактарға кіруге, сондай-ақ олардың қызметіне қатысуға;
- 8) жарғыда көзделген мақсаттарды жүзеге асыруға қаражаттарды пайдалануға;

- 9) сотта талап қоюшы және жауапкер болуға;
 - 10) Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.
2. Коммерциялық емес ұйымдар:
- 1) Қазақстан Республикасының заңдарын сактауға;
 - 2) белгілінген тәртіппен салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуге;
 - 3) өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлкімен (мекемелерді қоспағанда) жауап беруге;
 - 4) Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес жауапкершілікте болуға міндетті.

6-бап. Коммерциялық емес ұйымдардың нысандары

Коммерциялық емес ұйымдар мекеме, қоғамдық бірлестік, акционерлік қоғам, тұтыну кооперативі, қор, діни бірлестік, қауымдастық (одақ) нысанындағы заңды тұлғалардың бірлестігі нысанында және заң актілерінде көзделген өзге де нысанда құрылуы мүмкін.

7-бап. Коммерциялық емес ұйымның атауы және орналасқан жері

1. Коммерциялық емес ұйымның атауы оның атын және ұйымдық-құқықтық нысанының көрсетпесін қамтиды. Ол заңдарда көзделген қосымша қамтуы мүмкін.

Коммерциялық емес ұйымның атауында заңдардың талаптарына немесе қоғамдық мораль нормаларына қайшы келетін атауларды; егер (қатысушылардың есімімен ұйлесімді болмаса не егер жеке есімін пайдалануға бұл адамдардың (олардың мұрагерлерінің) рұқсатын қатысушылар алмаған болса, адамдардың өз аттарын пайдалануға жол берілмейді.

2. Коммерциялық емес ұйымның тұрақты қызмет істейтін органы орналасқан жер оның орналасқан жері деп танылады.

3. Коммерциялық емес ұйымның атауы мен орналасқан жері оның құрылтай құжаттарында көрсетіледі.

2-тaraу. КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС ҰЙЫМДАРДЫҢ ҰЙЫМДЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ НЫСАНДАРЫ

8-бап. Мекеме

1. Құрылтайшысы басқару, әлеуметтік-мәдени немесе коммерциялық емес сипаттағы өзге де қызметтерді жүзеге асыру үшін құрған және қаржыландыратын ұйым мекеме деп танылады.

Мекеменің өзіне бекітіліп берілген мүлікке құқығы азаматтық заңдарға сәйкес айқындалады.

2. Меншік нысанына байланысты мекемелер мемлекеттік және жеке меншік мекемелер болып бөлінеді.

3. Мекемелердің жекелеген түрлерінің құқықтық жағдайының ерекшеліктері заң актілерімен реттеледі.

9-бап. Мемлекеттік мекеме

Ескерту. 9-бап алып тасталды - ҚР 2011.03.01 N 414-IV (алғашқы реєсми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

10-бап. Жеке меншік мекеме

1. Басқарушылық, әлеуметтік-мәдени немесе коммерциялық емес сипаттағы өзге де қызметтерді жүзеге асыру үшін жеке және (немесе) мемлекеттік емес заңды тұлғалар құрған, мемлекеттік құрылымның болігі болып табылмайтын ұйым жеке меншік мекеме деп танылады.

2. Жеке меншік мекеменің мүлкі оған оралымды басқару құқығымен бекітіліп беріледі.

3. Жеке меншік мекеме өз міндеттемелері бойынша өзінің билігіндегі ақшамен жауап береді. Ақшасы жеткіліксіз болған жағдайда мемлекеттік емес мекеменің міндеттемелері бойынша оның құрылтайшысы жауапты болады.

11-бап. Қоғамдық бірлестік

1. Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін ортақ мақсаттарға жету үшін азаматтардың ерікті бірігуі нәтижесінде құрылған ұйым, егер заңдарда өзгеше белгіленбесе қоғамдық бірлестік болып табылады.

2. Қоғамдық бірлестіктер мүшелерінің (қатысушыларының) сол бірлестіктерге өздері берген мүлікке, соның ішінде мүшелік жарналарға құқықтары жоқ. Өздері мүшелері (қатысушылары) ретінде қатысатын қоғамдық бірлестіктердің міндеттемелері бойынша олар жауап бермейді, ал аталған бірлестіктер өз мүшелерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

3. Қоғамдық бірлестіктердің құқықтық жағдайының ерекшеліктері "Қоғамдық бірлестіктер туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен реттеледі.

Ескерту. 11-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.01.12 № 537-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

12-бап. Қор

1. Азаматтар және (немесе) заңды тұлғалар ерікті мүліктік жарналар негізінде құрған, әлеуметтік, қайрымдылық, мәдени, білім беру және өзге де қоғамдық пайдалы мақсаттарды көздейтін, мүшелігі жоқ коммерциялық емес ұйым қор деп танылады.

2. Қорды құрған кезде құрылтайшылардың (құрылтайшының) шешімімен тұрақты жұмыс істейтін алқалы басқару органдары - қордың атқарушы органдары тағайындаудың қамқоршылық кеңесі құрылады, ол қор қызметінің оның жарғылық мақсаттарына сай келуіне бақылау жасайды, сондай-ақ қордың жарғысында бекітілген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Жұбайлық және жақын туыстық байланысы бар адамдар қордың қамқоршылық кеңесінің көпшілік мүшесі, сондай-ақ осы қордың штаттағы қызметкерлері бола алмайды.

3. Қордың атқарушы органдары қордың жоғары басқару органдарының және тұрақты жұмыс істейтін алқалы басқару органдарының (қамқоршылық кеңестің) шешімдері негізінде және оларды орындау мақсатында жұмыс істейді және соларға есеп береді.

Қордың атқарушы органдарының басшысы мен мүшелері қордың құрылтай құжаттарын, осы заңды және Қазақстан Республикасының басқа да заң актілерін бұза отырып өздері қабылдаған шешімдерінің салдарынан келтірілген шығынның орнын бірлесе толтыруға міндетті. Мұндай шешім қабылданған кезде қарсы дауыс берген, қалыс қалған немесе отырысқа қатыспаған адамдар шығынның орнын толтыру міндетінен босатылады.

4. Қордың некеде тұрумен, жақын туыстықпен немесе жекжаттықпен байланыспаған басшысы мен бухгалтері болуға тиіс. Бір адамның екі қызметті қатар істеуіне болмайды. Басшы құрылтай құжаттарының, қордың басқару органдарының шешімдері негізінде қордың атынан мәмілелер жасауға құқылы. Қордың жарғысында өз бетінше әрекет етіп, мәмілелер жасай алатын басқа үәкілетті адамдардың қызмет аясы белгіленуі мүмкін. Қор басшысының сotta, мемлекеттік органдарда, сондай-ақ ұйымдарда қордың атынан сенімхатсыз өкілдік етуге құқығы бар.

5. Қорға оның құрылтайшылары берген мүлік қордың меншігі болып табылады.

Қор құрылтайшыларының қордың мүлкіне мүліктік құқығы жоқ және оларды міндеттемелерін орындағаны үшін жарғыда белгіленген тәртіппен құрылтайшылардың жалпы жиналысы қордан шығаруы мүмкін.

6. Қор жарғыда белгіленген мерзімде қаржы қызметін тексеруді жүзеге асыруға міндетті. Тексеруді тексеруші немесе аудиторлық ұйым жүзеге асырады. Тексерушіні сайлау тәртібі жарғыда белгіленеді; аудиторлық ұйымдар заңдарда белгіленген тәртіппен тартылады.

7. Қор өз мүлкін пайдалануы туралы есептерді жыл сайын интернет-ресурстарда орналастыруға және (немесе) оларды Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымдарында жариялауға міндетті.

Ескеरту. 12-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.05.05 N 139; 02.12.2015 № 429-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

13-бап. Қордың түрлері

1. Құрылтайшылардың құрамына, сондай-ақ қызмет саласына қарай жеке, корпоративтік, қоғамдық, мемлекеттік қорлар құрылуы мүмкін.

Қызмет мақсаттарына қарай әлеуметтік, қайырымдылық, мәдени, білім қорлары және өзге де қорлар құрылуы мүмкін.

2. Бір жеке адамның немесе жеке адамдардың - бір отбасы мүшелерінің өзінің (өздерінің) жеке қаражаттары есебінен құрган қоры жеке деп танылады. Жеке қор, сондай-ақ жеке адамның нотариалды куәландырылған өсиеті бойынша да құрылуы мүмкін.

Жеке қордың мүлкі жеке тұлғадан (құрылтайшыдан) немесе жеке тұлғалардан - бір отбасы мүшелерінен (құрылтайшылардан) бір жолғы және (немесе) тұрақты түсетін түсімдер есебінен, өсиет бойынша түскен мүліктен, сондай-ақ осы Заның 35-бабында көзделген және жеке қор қызметінің мақсаттарына сай келетін басқа да көздерден құралады.

Жеке меншік қор құрылтайшысының (құрылтайшыларының) құқықтары, егер ол құрылтай құжаттарында көзделген жағдайда, мұраның құрамына кіргізілуі мүмкін.

3. Бір заңды тұлғаның немесе бірнеше заңды тұлғалардың - коммерциялық және (немесе) коммерциялық емес ұйымдардың осы ұйымдардың қаражаттары есебінен құрган қоры корпоративтік қор деп танылады.

Корпоративтік қордың мүлкі бір немесе бірнеше заңды тұлғалардан - коммерциялық және (немесе) коммерциялық емес ұйымдардан (құрылтайшылардан) бір жолғы және (немесе) тұрақты түсетін түсімдер есебінен, сондай-ақ осы Заның 35-бабында көзделген және корпоративтік қор қызметінің мақсаттарына сай келетін басқа да көздерден құралады.

4. Бір отбасының мүшелері болып табылмайтын жеке адамдардың және (немесе) заңды тұлғалардың - қоғамдық бірлестіктердің құрган қоры қоғамдық қор деп танылады.

Қоғамдық қордың мүлкі заңды тұлғалардан - қоғамдық бірлестіктер мен жеке тұлғалардан бір жолғы және (немесе) тұрақты түсетін түсімдер есебінен, сондай-ақ осы Заның 35-бабында көзделген және қоғамдық қор қызметінің мақсаттарына сай келетін басқа да көздерден құралады.

Қоғамдық қордың мүлкі бір отбасы мүшелерінен - аталған қордың бірден бір қатысуышыларынан түсетін түсімдер есебінен құрала алмайды.

5. Мемлекеттік органдардың шешімімен құрылған, белгіленген тәртіппен мемлекеттік меншікті иелену, пайдалану және оған билік ету құқығы берілген; қордың мақсаттары мен міндеттерін мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен жүзеге асыратын қор мемлекеттік қор деп танылады.

Мемлекеттік қордың мүлкі заңдарда белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы мемлекеттік бюджетінің қаражаты есебінен, сондай-ақ осы Заның 35-бабында көзделген және мемлекеттік қор қызметінің мақсаттарына сай келетін басқа да көздерден құралады.

6. Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген міндетті төлемдер есебінен құрылған қорлардың құрылуына, қызметіне, қайта ұйымдастырылуына және (немесе) таратылуына байланысты туындастырылған түсініктердің осы Заның 35-бабында көзделген жағдайда қор қызметінің мақсаттарына сай келетін басқа да көздерден құралады.

Ескерту. 13-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.12.28 N 524-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Занымен.

14-бап. Тұтыну кооперативі

1. Мүшелік негізде қатысуышыларының материалдық және өзге де қажеттіліктерін қанагаттандыру үшін өз мүшелерінің мүліктік (пайлық) жарналарын біріктіру жолымен жүзеге асырылатын азаматтардың ерікті бірлестігі тұтыну кооперативі деп танылады.

Заң актілерінде көзделген жағдайларда тұтыну кооперативіне заңды тұлғалар да кіре аллады.

2. Алғып тасталды - КР 29.10.2015 № 373-V Заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

3. Тұтыну кооперативтерінің мүшелері оның міндеттемелері бойынша кооператив мүшелерінің қосымша жарнасының енгізілмеген бөлігі шегінде ортақ субсидиарлық жауаптылықта болады.

4. Тұтыну кооперативі алған кірістерді оның мүшелері арасында бөлуге болмайды және олар жарғылық мақсаттарға жүмсалады.

5. Тұтыну кооперативінің мүшелері жинақталып қалған шығынды жыл сайынғы баланс бекітілгеннен кейін үш ай ішінде қосымша жарналар арқылы жабуға міндетті. Бұл міндеттеме орындалмаған жағдайда кооператив кредит берушілердің талабы бойынша сот тәртібімен таратылуы мүмкін.

6. Тұтыну кооперативтерін құқықтық реттеу ерекшеліктері арнаулы заңнамалық актілерде реттеледі.

Ескеरту. 14-бапқа өзгеріс енгізілді - КР 29.10.2015 № 373-V Заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

15-бап. Діни бірлестік

1. Рухани қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін өз мүдделерінің ортақтығы негізінде зан актілерінде белгіленген тәртіппен біріккен азаматтардың ерікті бірлестігі діни бірлестік деп танылады.

2. Діни бірлестік қатысуышыларының (мүшелерінің) осы ұйымға өздері берген мүлікке, соның ішінде мүшелік жарналарға құқықтары сакталмайды. Олар діни бірлестіктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, ал діни бірлестік өз мүшелерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

3. Діни бірлестіктің құқықтық жағдайының ерекшеліктері заңмен реттеледі.

16-бап. Коммерциялық емес акционерлік қоғам

1. Өзінің қызметін жүзеге асыру үшін қаражат тарту мақсатымен акциялар шығаратын, кірістері тек қана осы қоғамды дамытуға пайдаланылатын занды тұлға коммерциялық емес акционерлік қоғам деп танылады.

2. Коммерциялық емес акционерлік қоғамдардың артықшылықты акциялар, туынды және айырбасталатын бағалы қағаздар шығаруды жүзеге асыруға құқығы жоқ.

3. Коммерциялық емес акционерлік қоғамның құрылтай шарты осы шартқа әрбір құрылтайшының немесе оның уәкілетті өкілінің қол қоюы арқылы жасалады.

4. Коммерциялық емес ұйым ретінде құрылған қоғамның коммерциялық ұйым болып қайта құрыла алмайтыны сияқты коммерциялық ұйым ретінде құрылған қоғам да коммерциялық емес ұйым болып қайта құрыла алмайды.

Осы тармақтың бірінші бөлігіндегі талаптар:

1) Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасына сәйкес құрылған қор биржаларының қайта құрылу;

2) коммерциялық акционерлік қоғамдардың "Назарбаев Университеті", "Назарбаев Зияткерлік мектептері" және "Назарбаев Қоры" мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес дербес білім беру ұйымдары болып, сондай-ақ "Инновациялық технологиялар паркі" инновациялық кластері туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес дербес кластерлік қор болып қайта құрылуы;

3) Қазақстан Республикасының кредиттік бюrolар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы заңнамасына сәйкес құрылған кредиттік бюrolардың қайта құрылуы;

4) мемлекет қатысатын жинақтаушы зейнетақы қорының бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры болып қайта құрылуы жағдайларына қолданылмайды.

Ескерту. 16-бапқа өзгеріс енгізілді - КР 2007.07.21 № 309, 2011.01.19 № 395-IV (алғашқы реңми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.12.28 № 524-IV (алғашқы реңми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 21.06.2013 № 106-V (алғашқы реңми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.06.2014 № 208-V (алғашқы реңми жарияланған күнінен

кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

17-бап. Коммерциялық емес ұйымның өзге де ұйымдық-құқықтық нысаны

1. Коммерциялық емес ұйымдар өзге де ұйымдық-құқықтық нысанда құрылуы мүмкін.

2. Дербес білім беру ұйымдары, дербес кластерлік қор, нотариаттық палаталар, адвокаттар алқалары, Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, Қазақстан Республикасының Сот сарапшылары палатасы, Жеке сот орындаушыларының республикалық палатасы, Қазақстанның төрелік палатасы, кәсіби аудиторлық ұйымдар, пәтерлердің меншік иелері кооперативтері және басқа да коммерциялық емес ұйымдар өзге де ұйымдық-құқықтық нысанда құрылуы мүмкін.

3. Өзге де ұйымдық-құқықтық нысандардың құқықтық жағдайының ерекшеліктері заң актілерімен реттеледі.

Ескеरту. 17-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.05.05 № 139, 2003.07.09 № 482, 2010.04.02 № 262-IV (2010.10.21 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.01.19 № 395-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.06.2014 № 208-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2013 № 130-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін бір жыл өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 08.04.2016 № 489-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.02.2017 № 45-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

18-бап. Дара кәсіпкерлердің және (немесе) занды тұлғалардың қауымдастық (одақ) нысанында бірігуі

Ескерту. Такырып жаңа редакцияда - ҚР 2012.04.27 N 15-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Дара кәсіпкерлер және (немесе) занды тұлғалар өздерінің кәсіпкерлік қызметін үйлестіру, сондай-ақ ортақ мүдделерін білдіру және қорғау мақсатында қауымдастықтар (одақтар) құра алады.

2. Коммерциялық емес ұйымдар осы ұйымдардың қауымдастықтарына (одақтарына) ерікті түрде біріге алады.

3. Қауымдастықтың (одақтың) мүшелері өзінің дербестігін және занды тұлға құқықтарын сактап қалады.

4. Егер Қазақстан Республикасының зандарында және құрылтай құжаттарында өзгеше көзделмесе, қауымдастық (одақ) өз мүшелерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Егер Қазақстан Республикасының зандарында өзгеше белгіленбесе, қауымдастықтың (одақтың) мүшелері оның міндеттемелері бойынша қауымдастықтың (одақтың) құрылтай құжаттарында көзделген мөлшерде және тәртіппен субсидиарлық жауаптылықта болады.

5. Қауымдастық (одақ) мүшелері, егер құрылтай құжаттарында өзгеше көзделмесе, қаржы жылды аяқталған соң өзінің қалауы бойынша қауымдастықтан (одақтан) шығуға құқылы. Бұл жағдайда қауымдастық (одақ) мүшесі өзі қауымдастықтан шыққанға дейін туындаған міндеттемелері бойынша шыққан кезінен бастап екі жыл бойына оның өзінің жарнасына баралар субсидиарлық жауаптылықта болады.

Егер Қазақстан Республикасының зандарында өзгеше белгіленбесе, қауымдастықтың (одақтың) мүшесі қауымдастықтың (одақтың) құрылтай құжаттарында белгіленген жағдайларда және тәртіппен қауымдастық (одақ) мүшелерінің шешімі бойынша одан шығарылуы мүмкін. Қауымдастықтың (одақтың) шығарылған мүшесінің жауапкершілігіне қатысты қауымдастықтан (одақтан) шығуға қатысты қафидалар қолданылады.

6. Қауымдастық (одақ) мүшелерінің келісімімен оған қауымдастықтың жаңа мүшесі кіре алады. Қауымдастыққа (одаққа) жаңа мүшениң кіруі қауымдастықтың (одақтың) ол кіргенге дейін туындаған міндеттемелері бойынша оның субсидиарлық жауаптылықта байланыстырылуы мүмкін.

7. Қауымдастықтың (одақтың) атауында "қауымдастық" немесе "одақ" деген сөздерді қоса отырып, осы қауымдастық (одақ) мүшелері қызметінің негізгі мәніне көрсетпе болуға тиіс.

8. Қауымдастық (одақ) қызметтін "Өзін-өзі реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өзін-өзі реттейтін үйім ретіндеге жүзеге асыра алады.

Ескерту. 18-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 2012.04.27 № 15-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.11.2015 № 391-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

3-тарау. КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС ҮЙЫМДЫ ҚҰРУ, ҚАЙТА ҮЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

19-бап. Коммерциялық емес үйымды құру

1. Коммерциялық емес үйім, оны қалыптастыру арқылы, сондай-ақ бұрын бар коммерциялық емес үйымды қайта үйімдастыру нәтижесінде құрылуы мүмкін.

Дербес білім беру үйымының үйімдық-құқықтық нысанындағы коммерциялық емес үйім "Назарбаев Университеті", "Назарбаев Зияткерлік мектептері" және "Назарбаев Қоры" мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайда акционерлік қоғам болып қайта құрылуы нәтижесінде құрылуы мүмкін.

Дербес кластерлік қор үйімдық-құқықтық нысанындағы коммерциялық емес үйім "Инновациялық технологиялар паркі" инновациялық кластері туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайда акционерлік қоғам болып қайта құрылуы нәтижесінде құрыла алады.

2. Коммерциялық емес үйімды (қоғамдық және діни бірлестіктерді қоспағанда), оны қалыптастыру арқылы құру құрылтайшылардың (құрылтайшының) шешімі бойынша жүзеге асырылады.

Қоғамдық бірлестіктер олардың жарғысы қабылданып, органдары қалыптастырылатын құрылтай жиналышын (съезін, конференциясын) шақырушы кемінде он адамнан тұратын Қазақстан Республикасының азаматтары тобының бастамасы бойынша құрылады.

Азаматтардың қоғамдық бірлестіктерді құру құқығы тікелей жеке тұлғаларды біріктіру жолымен де, саяси партияларды қоспағанда, заңды тұлғалар – қоғамдық бірлестіктер арқылы да іске асырылады.

Жарғы қабылданатын және басшы органдар қалыптастырылатын құрылтай съезін (конференцияны, жиналышты) шақыратын жеке тұлғалар және (немесе), саяси партияларды қоспағанда, заңды тұлғалар – қоғамдық бірлестіктер қоғамдық бірлестіктің құрылтайшылары болып табылады. Қоғамдық бірлестіктің құрылтайшылары – жеке және (немесе) заңды тұлғалар тең құқықтарға ие болады және бірдей міндеттерді атқарады.

Кәсіптік одактар кәсіптік одактың құрылтайшылары болып табылуы мүмкін.

3. Заңды тұлға ретінде коммерциялық емес үйімның құқық қабілеттілігі ол мемлекеттік тіркелуден өткен кезден бастап туынрайады.

Коммерциялық емес үйімның айналысуға лицензия алу қажет болатын қызмет саласындағы құқық қабілеттілігі осындай лицензияны алған кезден бастап туынрайады.

Ескерту. 19-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 2011.01.19 № 395-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), КР 2011.10.11 № 484-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараныз), 2012.01.12 № 537-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.06.2014 № 208-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.06.2014 N 212-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

20-бап. Коммерциялық емес үйімның құрылтайшылары (қатысуышылары)

Ескерту. 20-баптың тақырыбы жаңа редакцияда - КР 02.08.2015 № 343-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Коммерциялық емес үйімның үйімдық-құқықтық нысанына қарай, егер осы Заңда, Қазақстан Республикасының басқа да заң актілерінде өзгеше белгіленбесе, жеке және (немесе) заңды тұлғалар оның құрылтайшылары бола алады.

2. Коммерциялық емес ұйымды, тұтыну кооперативін, қауымдастықтарды (одақтарды) құру жағдайларын және коммерциялық емес ұйымдардың жекелеген түрлері туралы заң актілерінде көзделген өзге де жағдайларды қоспағанда, жеке тұлға құруы мүмкін.

3. Терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес енгізілген тұлға коммерциялық емес ұйымның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

Ескерту. 20-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 02.08.2015 № 343-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).

21-бап. Коммерциялық емес ұйымның құрылтай құжаттары

1. Коммерциялық емес ұйымдардың құрылтай құжаттары:

1) мекеме үшін - меншік иесі (меншік иелері) бекіткен ереже (жарғы) және меншік иесінің (меншік иелерінің) құру туралы шешімі;

2) кор, тұтыну кооперативі, коммерциялық емес акционерлік қоғам қауымдастық (одақ) нысанындағы, өзге де ұйымдық-құқықтық нысандардағы заңды тұлғалар бірlestіктері үшін - құрылтайшылар бекіткен жарғы және құрылтай шарты;

3) қоғамдық бірlestік, діни біrlestіk үшін - жарғы болып табылады.

2. Коммерциялық емес ұйымның құрылтай құжаттарының талаптары коммерциялық емес ұйымның өзінің, оның құрылтайшыларының (қатысушыларының) орындауды үшін міндетті.

3. Коммерциялық емес ұйымның бірінің құрылтай шарты мен жарғысы арасында қарама-қайшылықтар болған жағдайда:

1) егер олар құрылтайшылардың өзара қатынастарына қатысты болса, құрылтай шартының;

2) егер олардың қолданылуы заңды тұлғаның үшінші тұлғалармен қатынасы үшін маңызды болса, жарғының талаптары қолданылуға тиіс.

Ескерту. 21-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 27.02.2017 № 49-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

22-бап. Коммерциялық емес ұйымның жарғысы

1. Коммерциялық емес ұйымның жарғысы:

1) коммерциялық емес ұйымның атауын, соның ішінде ұйымдық-құқықтық нысанын, қызметінің мәні мен мақсатын;

2) коммерциялық емес ұйымның орналасқан жерін;

3) коммерциялық емес ұйымның басқару органдарының құрылымын, қалыптастыру тәртібін және құзыретін;

4) коммерциялық емес ұйым мүшелерінің (қатысушыларының) құқықтары мен міндеттерін;

5) коммерциялық емес ұйымның мүшелігіне (егер коммерциялық емес ұйымның мүшелігі болған жағдайда) қабылдау және одан шығу шарты мен тәртібін;

6) коммерциялық емес ұйымның мүлкін құрау көздерін;

7) коммерциялық емес ұйымның құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібін;

8) коммерциялық емес ұйымды қайта ұйымдастыру және оның қызметін тоқтату шартын;

9) коммерциялық емес ұйым таратылған жағдайда оның мүлкін пайдалану тәртібін;

10) филиалдар мен өкілдіктер туралы мәліметтерді көздеуге тиіс.

2. Коммерциялық емес ұйымның жарғысы Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін, өзге де ережелерді көздеуі мүмкін.

3. Егер коммерциялық емес ұйымды бір тұлға құрған болса, онда оның жарғысында мүліктерді құрау және кірістерді пайдалану тәртібі де белгіленеді.

4. Осы баптың 1-тармағы 4) және 5)-тармақшаларының ережелері қорларға қолданылмайды. Қордың жарғысында осы баптың 1-тармағында көрсетілген мәліметтерден басқа, қор органдары туралы, қордың лауазымды адамдарын тағайындау және оларды қызметінен босату тәртібі туралы, ол таратылған жағдайда қор мүлкінің тағдыры туралы нұсқау болуға тиіс.

5. Тұтыну кооперативінің жарғысында осы баптың 1-тармағында көрсетілген мәліметтерден басқа, кооператив мүшелері пайларының мөлшері туралы; кооператив мүшелерінің пайларын енгізу құрамы мен тәртібі және пай енгізу жөніндегі міндеттемелерді бұзғандығы үшін олардың жауапкершілігі туралы; кооперативті басқару органдарының құрамы мен құзыretі және олардың шешімдер қабылдау тәртібі туралы, соның ішінде шешімді бірауыздан немесе басым көпшілік дауыспен қабылдау мәселелері туралы; кооператив мүшелерінің оларға келтірілген шығынның орнын толтыру тәртібі туралы шарттар болуға тиіс.

6. Адвокаттар алқасының жарғысында мүшелікті тоқтата тұру тәртібі, заң консультациярын құрудың және олардың қызметінің тәртібі, мүлікті құрайтын көздер және оларға билік ету тәртібі, мүшелік жарналарды төлеу тәртібі, адвокаттардың тегін заң көмегін көрсету тәртібі және сottың, анықтау және алдын ала тергеу органдарының тағайындауы бойынша адвокаттар арасында заң көмегін реттеп бөлу тәртібі, адвокаттарды аттестациядан өткізу тәртібі, адвокаттар алқасы мүшелері мен тағылымдамадан өтуші адвокаттардың тәртіптік жауапкершілігі және жауапкершілікке тарту тәртібі, адвокатты лицензиясынан айыру туралы өтініш қозғау тәртібі болуға тиіс.

6-1. Республикалық адвокаттар алқасының жарғысы Республикалық адвокаттар алқасының құрылымын, оның органдарының құрылу тәртібі мен құзыretін, мүлкін қалыптастыру көздерін және оған иелік ету тәртібін, адвокаттар алқалары жүзеге асыратын аударымдар мөлшерін, сондай-ақ Республикалық адвокаттар алқасын қайта ұйымдастыру және тарату тәртібін қамтуға тиіс.

7. Қауымдастықтың (одақтың) құрылтай құжаттарында олардың органдарының құрамы және құзыretі, олардың шешімдер қабылдау тәртібі туралы және қауымдастық (одақ) таратылғаннан кейін қалған мүлікті бөлу тәртібі туралы шарттар да болуға тиіс.

8. Коммерциялық емес ұйымның жарғысына өзгерістер мен толықтырулар оның жоғары органдының (жалпы жиналыс, съезд, конференция, құрылтайшы) шешімі бойынша енгізіледі. Қор жарғысына өзгерістер мен толықтыруларды, егер қор жарғысында оған осындай құқық берілген болса, қордың басқару органы енгізеді.

9. Коммерциялық емес акционерлік қоғам жарғысында қоғамның коммерциялық емес ұйым екендігі де, дауыс беру рәсімі, дивидендерді төлемеу туралы ережелер де, Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген басқа талаптар да көрсетілуге тиіс.

Ескерту. 22-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2007.01.12 N 222 (ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2012.01.01 N 523-IV (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

23-бап. Құрылтай шарты

1. Құрылтай шарты - коммерциялық емес ұйым құру туралы құрылтайшылардың келісімі, мұнда оны құру жөніндегі бірлескен қызмет тәртібі, оның меншігіне (жедел басқару) өз мүлкін беру және оның қызметіне қатысу шарттары айқындалады. Мұнда, егер коммерциялық емес ұйымдардың жекелеген түрлөрі туралы заң актілерінде өзгеше көзделмесе, коммерциялық емес ұйымның қызметін басқару, құрылтайшылардың оның құрамынан шығу шарты мен тәртібі де белгіленеді.

Құрылтай шартына құрылтайшылардың келісімі бойынша Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына қайшы келмейтін басқа да ережелер енгізілуі мүмкін.

2. Құрылтай шартына барлық құрылтайшылар немесе олар уәкілеттік берген адамдар қол қояды.

3. Қорды, жекеше мекемені, дербес білім беру ұйымын, дербес кластерлік қорды бір тұлға құрған жағдайда, онда құрылтай шарты жасалмайды.

Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың кәсіпкерлер палаталары құрылған кезде құрылтай шарты жасалмайды.

Ескерту. 23-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.01.19 N 395-IV (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2013 № 130-V (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа

енгізіледі); 10.06.2014 № 208-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

24-бап. Коммерциялық емес ұйымның филиалдары мен өкілдіктері

1. Коммерциялық емес ұйым Қазақстан Республикасының зандағына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында филиалдар құрып, өкілдіктер аша алады.

Қоғамдық және діни бірлестіктер, мекемелер осы ұйымдар туралы заң актілеріне сәйкес өздерінің құрылымдық бөлімшелерін құра алады.

2. Коммерциялық емес ұйымның филиалы оның тұрган жерінен тыс орналасқан және оның міндеттерінің бәрін немесе бір бөлігін, соның ішінде өкілдіктің міндетін жүзеге асыратын коммерциялық емес ұйымның оқшауланған бөлімшесі болып табылады.

3. Коммерциялық емес ұйымның өкілдігі оның тұрган жерінен тыс орналасқан және коммерциялық емес ұйымның мұдделерін қорғауды және оның өкілдігін жүзеге асыратын, оның атынан мәмілелер және өзге де құқықтық іс-әрекеттер жасайтын коммерциялық емес ұйымның оқшауланған бөлімшесі болып табылады.

4. Филиалдар мен өкілдіктер занда тұлғалар болып табылмайды. Олар өздерін құрган коммерциялық емес ұйымның мүлкін иемденеді және ол бекіткен ереже негізінде әрекет етеді. Филиалдың немесе өкілдіктің мүлкі жеке баланста және оларды құрган коммерциялық емес ұйымның балансында ескеріледі.

5. Коммерциялық емес ұйымның филиалдары мен өкілдіктерінің (қоғамдық және діни бірлестіктердің қоспағанда) басшыларын коммерциялық емес ұйымның уәкілетті органы тағайындауды және оның сенімхаты негізінде әрекет етеді.

Қоғамдық бірлестіктердің құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдар мен өкілдіктер) басшылары қоғамдық бірлестіктің жарғысында және оның филиалы немесе өкілдігі туралы ережеде көзделген тәртіппен сайланады.

Діни бірлестіктердің құрылымдық бөлімшелерінің (филиалдар мен өкілдіктер) басшылары діни бірлестіктің жарғысында және оның филиалы мен өкілдігі туралы ережеде көзделген тәртіппен сайланады не тағайындалады.

6. Филиал және өкілдік өздерін құрган коммерциялық емес ұйымның атынан қызметін жүзеге асырады. Өз филиалының не өкілдігінің қызметі үшін оларды құрган коммерциялық емес ұйым жауапкершілікте болады.

6-1. Коммерциялық емес ұйымның филиалы мен өкілдігінің атауы өздерін құрган коммерциялық емес ұйымның атауын көрсетуді қамтуға тиіс.

7. Коммерциялық емес ұйымның филиалдары мен өкілдіктері есептік тіркелуге, ал атауын өзгерткен жағдайда - қайта тіркелуге жатады.

Есептік тіркеудің (қайта тіркеудің) тәртібі мен мерзімдері Қазақстан Республикасының занда тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы заңнамасында айқындалады.

Ескеरту. 24-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.03.18 N 537, 2012.12.24 N 60-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

25-бап. Коммерциялық емес ұйымды қайта ұйымдастыру

1. Коммерциялық емес ұйым Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде, осы занда, басқа да заң актілерінде көзделген тәртіппен қайта ұйымдастырылуы мүмкін.

2. Коммерциялық емес ұйымды қайта ұйымдастыру қосу, біріктіру, бөлу, бөліп шығару, қайта құру нысанында және зандарда көзделген басқа да нысандарда жүргізілуі мүмкін.

3. Коммерциялық емес ұйым, біріктіру нысанындағы қайта ұйымдастыру жағдайларын қоспағанда, жаңадан пайда болған ұйымның (ұйымдардың) мемлекеттік тіркеуден өткен кезінен бастап қайта ұйымдастырылған болып есептеледі.

Коммерциялық емес ұйым оған екінші бір ұйымның қосылуы нысанында қайта ұйымдастырылған кезде қосылған ұйым қызметінің тоқтатылғаны туралы мәліметтер Бизнес-сәйкестендіру номірлерінің үлттық тізіліміне енгізілген кезден бастап олардың біріншісі қайта ұйымдастырылды деп есептеледі.

4. Қайта ұйымдастыру нәтижесінде жаңадан пайда болған ұйымды (ұйымдарды) мемлекеттік тіркеу және қайта ұйымдастырылған ұйым (ұйымдар) қызметінің тоқтатылғаны туралы мәліметтерді Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізу Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескеरту. 25-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.12.24 N 60-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

26-бап. Коммерциялық емес ұйымды тарату

1. Коммерциялық емес ұйым Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде, осы Заңда және басқа да заң актілерінде көзделген негізде және тәртіппен ерікті түрде (оның мүлкін іеленушінің немесе меншік иесі уәкілеттік берген органның шешімі бойынша, сондай-ақ бұған құрылтай құжаттарында уәкілеттік берілген заңды тұлға органының шешімі бойынша) және мәжбүрлеп (сот шешімі бойынша) таратылуы мүмкін.

2. Коммерциялық емес ұйымды тарату туралы шешім қабылдаған коммерциялық емес ұйымның құрылтайшылары (қатысушылары) немесе орган бұл туралы заңды тұлғаларды тіркеуді жүзеге асырган әділет органына дереу жазбаша хабарлауға міндетті.

Коммерциялық емес ұйымды тарату туралы шешім қабылдаған құрылтайшылар немесе орган тарату комиссиясын тағайындауды және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, осы Заңға сәйкес коммерциялық емес ұйымды таратудың тәртібі мен мерзімін белгілейді.

3. Тарату комиссиясы тағайындалған кезден бастап оған коммерциялық емес ұйымның мүлкін және ісін басқару жөніндегі өкілеттік көшеді. Тарату комиссиясы таратылатын коммерциялық емес ұйымның атынан сотта әрекет етеді.

27-бап. Коммерциялық емес ұйымды тарату тәртібі

1. Тарату комиссиясы орталық әділет органының ресми басылымдарында заңды тұлғаның таратылуы туралы, сондай-ақ оның кредит берушілерінің талаптарын мәлімдеудің тәртібі мен мерзімі туралы ақпарат жариялады. Талаптарды мәлімдеудің мерзімі коммерциялық емес ұйымды тарату туралы жарияланған кезден бастап екі айдан кем болмауға тиіс.

Тарату комиссиясы кредит берушілерді айқындауға және берешектерін алуға, филиалдар мен өкілдіктерді есептен шығаруға шара қолданады, сондай-ақ кредит берушілерді коммерциялық емес ұйымның таратылғандығы туралы жазбаша хабардар етеді.

2. Кредит берушілердің талаптар қоюна арналған мерзім аяқталған соң тарату комиссиясы аралық тарату балансын жасайды, мұнда таратылатын коммерциялық емес ұйымның мүлкі құрамы туралы мәліметтер, кредит берушілер мәлімдеген талаптардың тізбесі, сондай-ақ олардың қаралу нәтижелері туралы мәліметтер болады.

Аралық тарату балансын коммерциялық емес ұйымның мүлкін іеленуші немесе коммерциялық емес ұйымды тарату туралы шешім қабылдаған орган бекітеді.

3. Егер таратылған коммерциялық емес ұйымның (мемлекеттік мекемелерден басқа) ақшасы кредит берушілердің талаптарын қанағаттандыру үшін жеткіліксіз болса, тарату комиссиясы сот шешімдерін орындау үшін белгіленген тәртіппен, коммерциялық емес ұйымның мүлкін ашық сауда арқылы сатуды жүзеге асырады.

4. Таратылатын коммерциялық емес ұйымның кредит берушілеріне ақша төлеуді Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 51-бабында белгіленген кезектілік тәртібімен, аралық тарату балансына сәйкес, ол бекітілген күннен бастап тарату комиссиясы жүргізеді.

5. Кредит берушілермен есеп айырысу аяқталған соң тарату комиссиясы тарату балансын жасайды, оны коммерциялық емес ұйымның мүлкін меншіктенуші немесе коммерциялық емес ұйымды тарату туралы шешім қабылдаған орган бекітеді.

6. Таратылатын мекеменің ақшасы кредит берушілердің талаптарын қанағаттандыру үшін жеткіліксіз болған жағдайда, соңғысы талаптардың қалған бөлігін осы мекеменің мүлкін меншіктенушінің есебінен қанағаттандыру туралы шағыммен сотқа жүгінуге құқылы.

Ескерту. 27-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.03.18. N 537 Заңымен.

28-бап. Таратылатын коммерциялық емес ұйымның мүлкі

1. Коммерциялық емес ұйымның таратылған кезде кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлкі, егер заң актілерінде өзгеше тәртіп көзделмесе, құрылтай құжаттарында көрсетілген мақсаттарға жұмсалады.

Коммерциялық емес ұйым салық женілдіктерін және басқа да женілдіктерді пайдаланған және мүшелерінің және (немесе) құрылтайшыларының жарналары мен өз қызметінен түсken кірістері, жұртшылықтың қайырмалдықтары есебінен жұмыс жасаған, мемлекеттен немесе мемлекеттік емес ұйымдардан гранттар алған жағдайда, таратылған кезде кредит берушілермен есеп айырысқаннан кейін қалған мүлікті ұйымның мүшелері, құрылтайшылары, лауазымды адамдары немесе жалдамалы қызметкерлері арасында қайта бөлуге болмайды, ол ұйымның жарғысына сәйкес оның жарғылық мақсаттарына пайдаланылуға тиіс. Егер ұйымның жарғысында мұндай тәртіп көзделмесе, тарату туралы шешім қабылдаған органның үйғаруы бойынша қалған мүлкі таратылатын ұйымдікі сияқты мақсаттарды немесе оларға жақын мақсаттарды ұстанатын коммерциялық емес ұйымға берілуі мүмкін.

2. Тұтыну кооперативі таратылған немесе кооператив мүшесі одан шыққан жағдайда оның тұтыну кооперативінің мүлкінен үлесін өз пайына бара-бар бөліп алуға құқығы бар.

Тұтыну кооперативінің мүшесі қайтыс болған жағдайда, егер заң актілерінде және кооператив жарғысында өзгеше көзделмесе, оның мұрагерлерінің кооператив мүшелігіне қабылдануға бірінші кезекте құқығы болады. Заң актілерінде және кооператив жарғысында өзгеше көзделген жағдайда кооператив мұрагерлерге тұтыну кооперативі мүлкінен оның пайына бара-бар үлесін төлейді.

3. Құрылтайшылар мекеменің мүлкіне меншік құқығын сақтайды.

4. Коммерциялық емес акционерлік қоғамның кредит берушілермен есеп айырысқаннан кейін қалған мүлкі барлық акционерлер арасында оларға тиесілі акциялардың санына бара-бар бөлінеді.

Ескерту. 28-бап өзгерді - ҚР 16.05.2003 N 416 Заңымен; 29.10.2015 № 373-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

29-бап. Коммерциялық емес ұйымды таратудың аяқталуы

Коммерциялық емес ұйымның таратылуы аяқталды, ал коммерциялық емес ұйым өз қызметін тоқтатты деп бұл жөнінде мәліметтер Бизнес-сәйкестендіру номірлерінің ұлттық тізіліміне енгізілгеннен кейін есептеледі.

Ескерту. 29-бап жаңа редакцияда - ҚР 2012.12.24 N 60-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

30-бап. <*>

Ескерту. 30-бап алып тасталды - Қазақстан Республикасының 2004.03.18. N 537 Заңымен.

31-бап. Коммерциялық емес ұйымды мемлекеттік тіркеу және қайта тіркеу

Коммерциялық емес ұйымды мемлекеттік тіркеу және қайта тіркеу Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 31-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.12.24 N 60-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

4-тaraу. КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС ҰЙЫМДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТИ

32-бап. Коммерциялық емес ұйымның қызмет тұрлары

1. Коммерциялық емес ұйым Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған және коммерциялық емес ұйымның мақсаттарына сәйкес келетін, оның құрылтай құжаттарында көзделген бір немесе бірнеше қызмет түрін жүзеге асыра алады.

2. Жекелеген ұйымдық-құқықтық нысандағы коммерциялық емес ұйымдар айналысуға құқылы қызмет түрлеріне Қазақстан Республикасының заң актілерінде шектеулер қойылуы мүмкін.

3. Коммерциялық емес ұйымдар заң актілеріне сәйкес жекелеген қызмет түрлерін лицензиялар негізінде ғана жүзеге асыра алады.

33-бап. Коммерциялық емес ұйымның кәсіпкерлік қызметпен айналысуға құқыбы

1. Коммерциялық емес ұйым өзінің жарғылық мақсаттарына сәйкес келетіндегі ғана кәсіпкерлік қызметпен айналыса алады.

2. Жекелеген ұйымдық-құқықтық нысандағы коммерциялық емес ұйымдардың кәсіпкерлік қызметіне Қазақстан Республикасының заң актілерінде шектеулер қойылуы мүмкін.

3. Коммерциялық емес ұйым кәсіпкерлік қызметі бойынша кірістер мен шығыстардың есебін жүргізеді.

4. Коммерциялық емес ұйымдардың кәсіпкерлік қызметіне салық салу Қазақстан Республикасының салық заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

5. Коммерциялық емес ұйымдардың кәсіпкерлік қызметінен алынатын кірістерді коммерциялық емес ұйымдардың мүшелері (қатысушылары) арасында бөлісуге болмайды, ол жарғылық мақсаттарға жұмсалады. Қоғамдық және діни бірлестіктердің, корлардың өз қаражаттарын қайырымдылық көмекке пайдалануына жол беріледі.

Ескеरту. 33-бапқа өзгеріс енгізілді - КР 16.11.2015 № 403-V Заңмен (алғашқы реңми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

34-бап. Коммерциялық емес ұйымның мұлкі

1. Коммерциялық емес ұйымның менишігінде немесе оралымды басқаруында оның жарғысында көзделген қызметін материалдық жағынан қамтамасыз етуге қажетті, заң актілеріне сәйкес коммерциялық емес ұйымдардың менишігінде болуға болмайтын мұліктің жекелеген түрлерін қоспағанда, объектілер, мұлік, сондай-ақ өзінің қаражаты есебінен құрылған ұйымдар болуы мүмкін.

Діни бірлестіктердің өз қаражаты есебінен иемденіп алған немесе өздері құрған, азаматтар, ұйымдар қайырмалдық ретінде берген, немесе мемлекет берген және заң актілеріне қайшы келмейтін басқа да негіздер бойынша иемденіп алған мұлікке меншік құқыбы болады.

Мекеменің өзіне бекітіліп берілген мұлікті және оған смета бойынша бөлінген қаражат есебінен сатып алған мұлікті өз бетінше иеліктен айыруға немесе өзгеше әдіспен оған билік етуге құқыбы жоқ.

2. Коммерциялық емес ұйым (мекемелерді қоспағанда) өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мұлкімен жауап береді.

35-бап. Коммерциялық емес ұйымның мұлкін құрау көздері

1. Мыналар:

1) құрылтайшылардан (қатысушылардан, мүшелерден) түскен түсімдер;

2) ерікті мұліктік жарналар мен қайырмалдықтар;

3) заңдарда белгіленген жағдайларда тауарлар сатудан, жұмыстардан, қызмет көрсетуден түскен түсімдер (кіріс);

4) акциялар, облигациялар, басқа да бағалы қағаздар және салымдар (депозиттер) бойынша алған дивидендер (кірістер, сыйақы (мұдде));

5) заңмен тыйым салынбаған басқа да түсімдер, заң актілеріне сәйкес, коммерциялық емес ұйымның мұлкін ақшалай және өзге де нысандардағы құрау көздері болып табылады.

2. Коммерциялық емес ұйымдардың жекелеген түрлерінің кіріс көздеріне заң актілерімен шектеулер қойылуы мүмкін.

3. Құрылтайшылардан (қатысушылардан, мүшелерден) түсетін қаржы және өзге де қаражат түсімдерінің тәртібі коммерциялық емес ұйымның құрылтай құжаттарында белгіленеді.

4. Коммерциялық емес ұйымның мүлкін, ақшалай нысаннан басқа, заттай және өзге нысандарда құрауға құрылтайшылардың салымдары барлық құрылтайшылардың келісімі бойынша ақшалай нысанда бағаланады. Егер мұндай салымның құны жиырма мың айлық есептік көрсеткішке тең сомадан асып кетсе, оны бағалауды аудиторлық ұйым растауга тиіс.

Ескерту. 35-бапқа өзгерту енгізілді - КР 2006.05.05 N 139 Заңымен.

36-бап. Мұдделер қайшылығы

1. Коммерциялық емес ұйым мен мұдделі адамдардың арасындағы ұйымның мүлкін пайдалануға байланысты мәмілелер мұдделер қайшылығы орын алуын ұйғарымдайды.

2. Коммерциялық емес ұйымның басқару органының (басшылық етуші органының) мүшелері, сондай-ақ осы өз ұйымымен жеке өзі немесе өкілі арқылы мәмілелер жасасатын, ұйыммен қатынастарына орай өз мүлкімен ұйымға билік етуге ықпал ете алатын адамдар мұдделі адамдар деп танылады.

3. Коммерциялық емес ұйым мұдделі адамдардың туыстарымен, сондай-ақ олардың кредит берушілерімен мәмілелер жасаса да мұдделер қайшылығы ұйғарымдалады.

37-бап. Мұдделер қайшылығын шешу

Мұдделер қайшылығы ұйғарымдалған мәмілені коммерциялық емес ұйымның уәкілетті органы бекітуге тиіс. Мұдделі адам осындай мәміле жасасудың ұйғарымдалғаны туралы ұйымның уәкілетті органын хабардар етуге тиіс.

Егер мәмілені уәкілетті органдар бекітпеген болса, мұдделер қайшылығы орын алған мұндай мәміленің жасалуы нәтижесінде коммерциялық емес ұйымға келтірілген шығындардың орнын толтыруға мұдделі адам жауап береді.

Шығындардың орнын толтыруға қоса, осындай мұдделі адам осындай мәмілені жасау нәтижесінде алған сол адамның бүкіл кірісін коммерциялық емес ұйымға қайтаруға тиіс.

Егер шығындар бірнеше мұдделі адамның іс-қимылдары нәтижесінде туындаған болса, олар коммерциялық емес ұйымның алдында ортақ жауап беруі тиіс.

5-тaraу. КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС ҰЙЫМДЫ БАСҚАРУ

38-бап. Коммерциялық емес ұйымды басқару негіздері

Коммерциялық емес ұйымның басқару органдарының құрылымы, құзыреті, құрылу тәртібі мен өкілеттіктерінің мерзімі, олардың шешімдер қабылдау мен коммерциялық емес ұйымның атынан әрекет жасау тәртібі заңдарда және коммерциялық емес ұйымның құрылтай құжаттарында белгіленеді.

39-бап. Коммерциялық емес ұйымның басқару органдары

1. Коммерциялық емес ұйымдардың, мемлекеттік мекемелерді қоспағанда, құрылтай құжаттарына сәйкес олардың басқару органдары мыналар болып табылады:

1) жоғары басқару органы (жалпы жиналыс, съезд, конференция, құрылтайшы) - коммерциялық емес ұйым қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға құқылы;

2) басқарудың атқарушы органы (алқалы немесе дара басқару) - коммерциялық емес ұйымның құрылтай құжаттарымен жоғары басқару органдарының ерекше құзыретіне жатқызылған мәселелерді қоспағанда, коммерциялық емес ұйымның қызметін ағымдағы басқаруды жүзеге асырады, жоғары басқару органдына есеп береді;

3) коммерциялық емес ұйымның басқару органдары сайлайтын немесе тағайындаитын тексеру органы (тексеру комиссиясы, тексеруші);

4) заңдарға және коммерциялық емес ұйымның құрылтай құжаттарына сәйкес басқа да органдар.

2. Коммерциялық емес ұйымның жоғары басқару органдарының ерекше құзыретіне:

- 1) коммерциялық емес ұйымның құрылтай құжаттарын қабылдау, оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
- 2) коммерциялық емес ұйымды ерікті түрде қайта ұйымдастыру және тарату;
- 3) коммерциялық емес ұйымның басқару органдарының құзыретін, ұйымдық құрылымын, оларды құру және өкілеттіктерін тоқтату тәртібін айқындау;
- 4) атқарушы органдардың қаржы есептемесін табыс етуінің тәртібі мен мерзімділігін, сондай-ақ бақылау органының тексеру жүргізу тәртібін және олардың нәтижелерін бекітуді айқындау;
- 5) заң актілерінде белгіленген шекте коммерциялық емес ұйымның басқа заңды тұлғаларды, өз филиалдары мен өкілдіктерін құруы немесе олардың қызметіне қатысуы туралы шешім қабылдау мәселелері жатады.

Жоғары басқару органының ерекше құзыретіне заң актілеріне сәйкес коммерциялық емес ұйымның құрылтай құжаттарымен осы ұйым қызметінің басқа да мәселелері жатқызылуы мүмкін.

3. Коммерциялық емес ұйым өзінің жоғары басқару органының мүшелеріне, жоғары басқару органының жұмысына қатысуына тікелей байланысты шығыстардың өтемін қоспағанда, өздеріне жүктелген міндеттерді олардың орындағаны үшін сыйақы төлеуді жүзеге асыруға құқылды емес.

4. Коммерциялық емес ұйымның еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін штаттағы қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының еңбек заннамасы және Қазақстан Республикасының әлеуметтік қамсыздандыру және сақтандыру туралы заннамасы қолданылады.

5. Осы баптың 1 – 3-тармақтарының ережелері дербес білім беру ұйымдарына және дербес кластерлік қорға қолданылмайды.

6. Қазақстан Республикасының Ұлттық кесіпкерлер палатасы басқару органдарының құқықтық жағдайының ерекшеліктері "Қазақстан Республикасының Ұлттық кесіпкерлер палатасы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес айқындалады.

Ескерту. 39-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 200.05.15 N 253, 2011.01.19 N 395-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2013 № 130-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.06.2014 № 208-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.11.2015 № 391-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.12.2015 № 433-V (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

6-тaraу. МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС ҰЙЫМДАР

40-бап. Мемлекет және коммерциялық емес ұйымдар

1. Мемлекет коммерциялық емес ұйымдарды құруды және олардың белсенді қызмет етуін көтермелейді. Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес коммерциялық емес ұйымдарға салық, кеден женілдіктері және басқа да женілдіктер берілуі мүмкін.

2. Коммерциялық емес ұйымдар өз қызметінің мақсаттарына сәйкес мемлекеттік органдармен келісімдер жасасын, ынтымақтасуы және олар үшін белгілі бір жұмыстарды орындауы мүмкін.

41-бап. Коммерциялық емес ұйымның қызметін бақылау

1. Коммерциялық емес ұйым Қазақстан Республикасының заннамасында көзделген тәртіппен бухгалтерлік есепті жүргізеді және алғашқы статистикалық деректерді мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органға береді.

2. Коммерциялық емес ұйым Қазақстан Республикасының заннамасына және коммерциялық емес ұйымның құрылтай құжаттарына сәйкес мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органға және мемлекеттік кіріс органдарына, құрылтайшыларға және өзге де тұлғаларға өз қызметі туралы ақпарат береді.

Шет мемлекеттер, халықаралық және шетелдік ұйымдар, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар өтеусіз негізде беретін қаражат есебінен қызметін жүзеге асыратын коммерциялық емес ұйым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік кіріс органдарына осы қаражатты пайдалануы туралы есепті ұсынады.

3. Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын шетелдік және халықаралық коммерциялық емес ұйымдардың филиалдары мен өкілдіктері (оқшауланған бөлімшелері) баспасөз басылымдарында жыл сайын өз қызметі туралы, оның ішінде өз құрылтайшылары, мүліктің құрамы туралы, ақшаны қалыптастыру көздері мен жұмсау бағыттары туралы ақпарат жариялады.

4. Коммерциялық емес ұйым кірістердің мөлшері мен құрылымы, сондай-ақ коммерциялық емес ұйым мүлкінің мөлшері мен құрамы туралы, оның шығыстары, қызметкерлерінің саны мен құрамы туралы, олардың еңбегіне ақы төлеу, коммерциялық емес ұйымның қызметінде азаматтардың өтеусіз еңбегін пайдалану туралы мәліметтер коммерциялық құпияның нысаны бола алмайды.

5. Мекеме, қоғамдық бірлестік, акционерлік қоғам, қор, қауымдастық (одақ) нысанындағы заңды тұлғалар бірлестіктері нысанында, сондай-ақ осы Заңның 17-бабында көзделмеген өзге де ұйымдық-құқықтық нысандарда құрылған коммерциялық емес ұйымдар, Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын шетелдік және халықаралық коммерциялық емес ұйымдардың филиалдары мен өкілдіктері (оқшауланған бөлімшелері) үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл саласындағы уәкілетті органға жыл сайын 31 наурызға дейін үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл саласындағы уәкілетті орган бекітетін тәртіппен өз қызметі туралы, оның ішінде өз құрылтайшылары (қатысушылары), мүлкінің құрамы, ақшаны қалыптастыру көздері мен жұмсау бағыттары туралы мәліметтерді ұсынады.

Ескерту. 41-бап жаңа редакцияда - КР 2005.07.8 № 67-III (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараныз), өзгерістер енгізілді - КР 2010.03.19 № 258-IV; 07.11.2014 № 248-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.12.2015 № 429-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

Зандарымен.

42-бап. Коммерциялық емес ұйымның қызметін тоқтата тұру

1. Коммерциялық емес ұйымның қызметі Қазақстан Республикасының Конституациясы мен заңдарын бұзған немесе коммерциялық емес ұйымның жарғысында белгіленген қызметтің мәні мен міндеттері шегінен шығатын әрекеттерді бірнеше рет жасаған жағдайларда прокуратура органдарының ұсынуы негізінде шығарылған сот шешімімен үш айдан алты айға дейінгі мерзімге тоқтатыла тұруы мүмкін.

2. Осы балтың 1-тармағында көзделгендей, коммерциялық емес ұйымның қызметі тоқтатыла тұрған жағдайда оған құрылтай құжаттарында көзделген қызметпен айналысуға тыйым салынады. Оның банк шоттарын пайдалану құқығы да тоқтатыла тұрады, бұған енбек шарттары бойынша есеп айырысу, өз қызметі салдарынан келтірілген шығындардың орнын толтыру мен айыппул төлеу қосылмайды.

Егер коммерциялық емес ұйым өз қызметін тоқтата тұруға негіз болған бұзушылықтарды қызметі тоқтатыла тұруы белгіленген мерзім ішінде жойса, онда аталған мерзім аяқталған соң коммерциялық емес ұйым өз қызметін қайта бастайды. Коммерциялық емес ұйым бұзушылықтарды жоймаған жағдайда прокуратура органдары оны тарату туралы сотқа арыз беріп жолдануға құқылы.

3. Коммерциялық емес ұйымның қызметін тоқтата тұру туралы шешім қабылдаған сот коммерциялық емес ұйымның бұзушылықты жоюына байланысты ұсынысы бойынша осы шектеуді мерзімінен бұрын алып тастауга құқылы.

43-бап. Коммерциялық емес ұйымның, жеке және заңды тұлғалардың жауапкершілігі

1. Зандарды бұзу коммерциялық емес ұйымның Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген тәртіппен жауапты болуына әкеп соқтырады.

2. Коммерциялық емес ұйымдар туралы заңдарды бұзғандығы үшін бұған кінәлі жеке және заңды тұлғалар, соның ішінде мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары да жауапты болады.

Қазақстан Республикасының

Президенті